

Б.Ә. Ысқақ

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы,

Павлодар, Қазақстан

E-mail: yskak.b@teachers.tou.edu.kz

ORCID : 0000-0002-3850-8219

**АЙГҮЛ КЕМЕЛБАЕВАНЫҢ «ТЫРНАҚ» ӘНГІМЕСІНДЕГІ
АВТОР ЖӘНЕ ОҚЫРМАН КОДЫ ЭНТРОПИЯСЫ**

Аңдатпа. Аталған мақалада қазіргі қазақ әңгімесіндегі автор және оқырман коды энтропиясы мәселесі қарастырылады. Жазушы Айгүл Кемелбаеваның «Тырнақ» әңгімесінде шығыс және батыс әдебиетінен байқалатын әңгіме ішіндегі әңгіме стилінің қазақ прозасына өзіндік қазақы нақышпен өрнектеліп, әлем әдебиеті синтезі тұрғысында көрінгенін пайымдаймыз. Жазушының әдебиеттанушы ретінде жеке шығармашылығына сыни көзқараспен қарап, журналиске берген түйінді пікіріне-сұхбатына сүйеніп, жалғаспалы зерттеу ретінде талдап, өз тарапымыздан кейіпкер психологиясындағы энтропия мәселесін ұсынамыз. Аталған мәселенің теориялық негізделуін ресей әдебиеттануында филология ғылымдарының докторы, мәдениеттанушы Юрий Лотманның «Көркем мәтіннің құрылымы», «Поэтикалық мәтіннің анализі» атты зерттеу еңбегінде талданғанымен байланыстыра аламыз. Бұдан кейін бірнеше ғылым тоғысында талқылаулар, сол негізде зерттелген қорытындылар практикалық жұмысқа қолдану түрінде жалғасты. Психолог Екатерина Давыдованың практикалық психологияда қарастырған энтропия мәселесі тұжырымдары біз қарастырып отырған қазақ әңгімесіндегі мистикалық жұмбақтау, кейіпкер психологизмі тармақтарын жаңаша пайыммен зерттеуге мүмкіндік берді. Сондықтан жазушы Айгүл Кемелбаеваның әңгімесі арқылы көркем мәтіндегі автор және оқырман коды энтропиясы тақырыбы жеткілікті дәлелмен ашылады. Автор және оқырман коды энтропиясы тақырыбын зерттеудегі әртүрлі көзқарастар мен тәсілдер де ескерілген. Автор мен оқырман кодының энтропиясы көркем мәтіннің әртүрлі аспектілеріне және оны қабылдауға әсер ететін қызықты және күрделі тақырып. Анықталуы дау тудыратын мәселенің бірі саналады. Солай бола тұра, бұл теорияны қазақ әңгімесінің көркемдік қызметінде анықтау жұмысы жүргізіледі. Қазіргі қазақ әңгімесіндегі әдебиеттегі вампиризм тәсілінің көрінуі мен психология элементі де энтропияның біліну көркемдігі деп бағамдалады.

Кілт сөздер: әдебиеттегі вампиризм, мистикалық әдебиет, оқырман коды, қазіргі қазақ әңгімесі, автор коды, энтропия, көркем мәтін, жазушы Айгүл Кемелбаева.

Б.А. Ыскак

Некоммерческое акционерное общество «Торайғыров университет»,

Павлодар, Казахстан

E-mail: yskak.b@teachers.tou.edu.kz

ORCID : 0000-0002-3850-8219

**Код энтропии автора и читателя в рассказе
Айгүл Кемелбаевой «Коготь»**

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема энтропии кода автора и читателя в современном казахском рассказе. В рассказе писательницы Айгүл Кемелбаевой «Коготь» мы видим, что стиль

повествования в рассказе, прослеживаемый в восточной и западной литературе, отражен в контексте синтеза мировой литературы с оригинальным казахским выражением казахской прозы. Критически отнеслись к личному творчеству писателя как литературоведа, опираясь на личную деятельность писателя как литературоведа, опираясь на ее ключевое мнение и интервью с журналистом, анализируя ее как непрерывное исследование, мы представляем проблему энтропии в психологии персонажа. Теоретическое обоснование этой проблемы мы можем связать с анализом доктора филологических наук, культуролога Юрия Лотмана в научно-исследовательской работе «Структура художественного текста», «Анализ поэтического текста» по русскому литературоведению. После этого обсуждения продолжились на нескольких научных собраниях, и изученные на их основе выводы были применены к практической работе. Выводы психолога Екатерины Давыдовой по проблеме энтропии, рассматриваемой в практической психологии, позволили с новой точки зрения изучить моменты мистической мистификации, психологии характера в рассматриваемой нами казахском рассказе. Поэтому через рассказ писательницы Айгул Кемелбаевой с достаточной очевидностью раскрывается тема энтропии авторского и читательского кода в художественном тексте. Также учитываются разные подходы и способы к изучению энтропии кода автора и читателя. Энтропия кода автора и читателя – интересная и сложная тема, затрагивающая различные аспекты художественного текста и его восприятия. Его определение считается одним из спорных вопросов. Тем не менее, работа по определению этой теории в художественной деятельности казахского рассказа ведется. Рассматривается процесс переплетения элементов вампиризма и элемента психологизма. Появление вампиризма и элемента психологизма в литературе современного казахского рассказа также считается искусством познания энтропии.

Ключевые слова: вампиризм в литературе, мистическая литература, код читателя, современный казахский рассказ, код автора, энтропия, художественный текст, писатель Айгул Кемелбаева.

B. A. Yskak

NJSC «Toraighyrov University», Pavlodar, Kazakhstan,

E-mail: yskak.b@teachers.tou.edu.kz

ORCID: 0000-0002-3850-8219

Author and reader entropy code in Aigul Kemelbayeva's story «The claw»

Abstract. In the story of the writer Aigul Kemelbayeva «The Claw», we see that the style of narration in the story, traceable in Eastern and Western literature, is reflected in the context of the synthesis of world literature with the original Kazakh expression of Kazakh prose. We critically reacted to the personal work of the writer as a literary critic, relying on the personal activity of the writer as a literary critic, relying on her key opinion and an interview with a journalist, analyzing it as a continuous study, we present the problem of entropy in the psychology of a character. We can connect the theoretical substantiation of this problem with the analysis of the doctor of philological sciences, culturologist Yuri Lotman in the research work “The structure of a literary text”, “Analysis of a poetic text” on Russian literary criticism. After this, the discussions continued in several scientific meetings, and the conclusions learned from them were applied to practical work. The conclusions of the psychologist Ekaterina Davydova on the problem of entropy, considered in practical psychology, made it possible to study the moments of mystical mystification, the psychology of character in the Kazakh story we are considering from a new point of view. Therefore, through the story of the writer Aigul Kemelbayeva, the theme of the entropy of the author's and reader's code in a literary text is revealed with sufficient obviousness. It also takes into account different approaches and ways to study the entropy of the code of the author and the reader. The entropy of the code of the author and the reader is an interesting and complex topic that affects various aspects of the literary text and its perception. Its definition is considered one of the controversial issues. However, work is underway to define this theory in the artistic activity of the Kazakh story. The process of interweaving the elements of vampirism and the element of psychologism is considered. The appearance of vampirism and the element of psychologism in the literature of the modern Kazakh story is also considered the art of knowing entropy.

Keywords: vampirism in literature, mystical literature, reader code, modern Kazakh storytelling, author code, entropy, fiction text, writer Aigul Kemelbayeva.

1. Кіріспе

Көркем шығарма мәтінінен автор коды, оқырман коды, әдебиеттегі энтропия құрылымын зерделеу қазіргі қазақ әдебиеттануының қажетті мәселесі деп танылды. Жаңа шығарма арқылы танылған теориялық қағида қазақ әдебиеттануы мазмұнын байытып қана қоймай, тың зерттеулерге бастама болатынымен құнды деп бағалаймыз. Жұмбақ кейіпкердің қатысуымен жазылған шығарма болашақта оқырмандар мен жазушылардың назарын аударатыны сөзсіз.

Мақала әдеби мәтінді талдау тәжірибесіне пайдалы болады.

Жазушы әрі әдебиеттанушы Айгүл Кемелбаева шығармашылығы зерттеушілер еңбектерінде, диссертациялық еңбекте біршама қарастырылған, бұл жайында бұған дейінгі ғылыми мақаламызда (Ысқақ, 2023), монографияда қарастырғандықтан қайталап бермедік (Ысқақ, 2011: 19).

Әдеби ортаның бағытын айқындап отыратын Әдебиет порталы әркез жазушының жаңа туындыларымен толығып отырады. Жаңа туындысын оқығанда бұл жазушының талғамы мен таңдаған бағыты әр кез жаңашылдықты сіңірген жазушылық шеберлік екенін мойындаттырады. Жазушы өзі туралы: «Мен шығармаларыма негізгі қоректі ауыз әдебиетінен аламын. Тақырып, идея жағынан өз-өзімді қайталаған емеспін. Жаңалық ашқан ештеңем жоқ. Ұмытылған ескі стильдерді жаңғыртқан болармын, мүмкін», – деп бағалағанымен, пікірінде айтқан «ұмытылған ескі стильді жаңғыртуының» көркемдігі зерттеуші үшін қазақ әңгімесіндегі тың құбылыс болатынын дәлелдегіміз келеді.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеу материалы ретінде жазушы Айгүл Кемелбаеваның «Тырнақ» әңгімесінің көркем мәтіні нысанда болды, әдебиеттегі энтропия туралы түсінік беретін әдеби теориялық еңбектер басшылыққа алынды. Көркем мәтіннің автор және оқырман коды бойынша зерттеушілер, сыншылар жеткізе талдаған пікірді толықтырылды. Қазақ әңгімесіне сіңген шығыстық, батыстық әңгімеден әңгіме тудыра бір әңгіме жазу стилі ерекшеленді. Айгүл Кемелбаеваның «Тіленші, заржақ прозасымақты ұнатпаймын» атты сұхбатында берген шығармашылық сипатын жазушының зияткерлік қалпынан пайымдау, талдау, түйіндеу жасалды.

Мәдени-тарихи, салыстырмалы-тарихи әдіспен көркем мәтінді тану қарастырылды.

2.2 Материалға сипаттама

А. Кемелбаева зерттеуші ретінде классикалық шығармалар «Панчатантра», «Мың бір түн» бір әңгімеден екінші әңгімеге жалғасқан шығармалар екеніне мән берген және жазушы ретінде «Тырнақ» әңгімесіне дейін де «Тобылғысай» әңгімесінде: «Жезтырнақ», «Қақпаншы», «Алмұрт» және «Кірпі» деп әңгіме ішінен әңгіме құру тәсілін қолданған. А. Кемелбаева мұндай стиль орта ғасырлардан бері қалыптасқанын, оған дәлел ретінде Ежелгі Апулей, кейінірек Сервантес, Гоголь, Диккенс, Достоевский, Акутагава шығармашылығында осы тәсіл барын атап өткен.

Жазушы А. Кемелбаеваның өзіндік қолтаңбасындағы айқын ерекшеліктер, мысалы эпиграф ретінде қойылған әрбір жазбасы қай туындысында болмасын белгілі

бір шешімді көрсететінін байқадық. Сондықтан оның әр туындысынан бірегей әдеби тәсілді танып-талдауымызды жалғастыру қазақ әдебиеттануын дамытуға бағытталған зерттеуші үлесі деп қабылдаймыз.

«Тырнақ» әңгімесінің эпиграфы туралы нақты жазсақ, ол жезтырнақ бейнесіне түрлі нұсқадағы өзге авторлардың көркем кестесі келтірілген. Бірі – халқымыздың мұрасында сақталған көркемдік.

«Қазақ фольклорында көп кездесетін, фольклорлық мұралардың көпшілігінде әйел кейпінде суреттелетін, бойында жойқын күші бар, адамға қас кейіпкердің бірі – жезтырнақ. Ол – мифтік бейне. Ертегілердің көпшілігінде жезтырнақ бейнесін ұзын бойлы, тырнақтары пышақтай өткір, жапандағы жалғыз әйел түрінде суреттейді.

Жезтырнақ – имек жез мұрынды, үлкен жез тырнақты, сұлу жас әйел кейпіндегі жын-пері тектес мақұлық. Жезтырнақ – ғаламат зор қара күш иесі. Оның ащы даусы жер жаңғырықтырады. Өзінің айқайымен ол құстар мен ұсақ хайуанаттарды өлтіре береді», – (Бижомарт, 2018) деп берілетін әдеби кейіпкер анықтамасын толық келтіру себебіміз, Айгүл Кемелбаеваның «Тырнақ» әңгімесіне тура қатысы бар. Жұмбақтау тәсілімен берілген жұмбақ кейіпкер сюжеті осы айқай арқылы басталған және соңы өлімге ұшырауы бейнеленген. Өлім себебін тырнақтан ба, қарайған сұлбаның айқайынан ба, қыс шыға жайлауға көшерде суға кетіп өлген өгей қарындасы, әлде жайлаудан қыстауға келіп асылып өлген өгей шешенің аруақтары ма деп бақташы әулетінде болған қыстауға байланыстырған сюжетке қатысты түрлі байлам жасап, қиялмен (оқырманы) немесе дәйекпен (зерттеуші) табуға ұмтылады.

Қазақ ертегісіндегі Жезтырнақтан заманауи ақын Есенғали Раушановтың поэзиясындағы жезтырнақ образы эпиграф ретінде мақсатты алынғанын назарда ұстандық. Сол сияқты эпиграфта қамтылған Роберт Стивенсонның «Доктор Джекиль мен мистер Хайдтың тосын оқиғасы» романындағы лейтмотивті алғаны да әңгіме оқиғасына жанама дерек беріп тұратыны даусыз.

Әдебиеттанушы ғалым Айгүл Ісімақова жазушы Айгүл Кемелбаева туралы: «Айгүл өз туындыларына саналы түрде еуропалық, мифтік есімдерді де кіргізіп қояды. Онысы эксперимент болғанымен, өте сәтті пайдаланған амал. Өйткені дүниежүзілік әдебиетті біле отырып, сол деңгейде ойлана отырып, қазақша стильдік тәсілдерді дүниеге әкелуде», – деген пікір айтқан. Эпиграфта берілсе де сол шығармамен таныс оқырманы өзара ілікті табады, екі шығармадағы ортақ нәрсе шытырман оқиғаға ұшыраған екі достың («Тырнақ» әңгімесінде нағашылы-жиен, алыстан туысатын ағайын қарым-қатынасы) оқиға себебін анықтау мақсатында жүріп, әр кейіпкердің өзін тану әрекетіне ұласуы десек болады.

«Джекилл мен Хайд» тіркесі қазіргі уақытта «таныдым деген адамның өзінен мүлдем өзгеше адамды қайта тануға жетелейтін» мағынаны білдіретін әдеби тіркеске айналды. Әңгіме соңында автор кейіпкерлері Ерболат пен Саян әрекеттері мен ішкі психологизмі өзек болған деталь айшығын айқындай келе жазушының не айтпақ болғанын зерттеуші осылай дәлелмен талдайды. Ғылымда бұл код деп аталып, дәлелденген. Эпиграф арқылы туындыға автор коды сілтеме болатын, одан оқырман коды қабылдайтын көркем тәсілдің жазушы Айгүл Кемелбаева қолданатын бір ерекшелігі десек те болады.

3. Талқылануы

Энтропия ғылым мен мәдениеттің әртүрлі саласында сол ғылымға жақын мағынасы мен қолданбалары бар термин. Физика ғылымында энтропия энергияның қайтымсыз диссипациясының өлшемін немесе жүйедегі энергияның пайдасыздығын сипаттайды. Математика мен ақпарат теориясы ғылымында энтропия ықтималдық үлестірімінің белгісіздігі немесе кездейсоқтық өлшемін анықтайды. Биология ғылымында энтропия тірі жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру және эволюциясы процестерімен байланысты анықталады. Дей тұрғанмен ортақ қабыстыратын белгі-ұйытқысы «белгісіздік, кездейсоқтық, тірі жүйе эволюциясы» екенін байқауға болады.

Филология ғылымдарының докторы, мәдениеттанушы Юрий Лотманның «Көркем мәтіннің құрылымы. Поэтикалық мәтіннің анализі» атты зерттеу еңбегінде: «Жазушының көркем ойы белгілі бір көркемдік құрылымда жүзеге асады және жазушы ол құрылымнан бөлектене алмайды» (Лотман, 2016а:19), – деп пайымдауы жоғарыдағы ғылымдар байланысын қамтып, әдебиеттік көрсеткішпен анықтауы десек болады.

Юрий Лотманның өз пайымын таратып дәлелдеген пікірінде: «қабылдаушы мен таратушыда жалпы бір код болады – ол көркем тілдің ортақтығы, бұнда сөзсіз тек хабарлама ғана жаңаша пайдаланылады», яғни «жалпы берілген ортақ бір кодтың басқаша танылуы – тыңдаушының көркем тілді жасаушы таңдауынан гөрі мәтінді танып-білуге басқа кодты пайдалануға ұмтылу жағдайы жатады» (Лотман, 2016б:37), – деп баяндалады.

Қараңыз: «Автордың синтетикалық көркемдік коды және оқырманның аналитикалық коды – өзара арақатынас мәселесінің тағы бір аспектісін білдіреді. Екі код та нәтижесінде ауқымды күрделі иерархиялық кеңістікті көрсетеді» (Лотман, 2016в:38),– деген тұжырымының түйінін біз жазушының көркемдік әлемі және оқырманның қабылдауы деп талдап жүрміз. Не өзгерді десек, келесі пікірі жауап болғандай екен: «... әдебиеттің өз тілі бар, ол табиғи тілмен сәйкес келмейді, әрине табиғи тілсіз тағы болмайды, оның үстінен жасалады, яғни әдебиеттің өзіне ғана тән белгілер жүйесі және оларды сол жүйеге қосатын ережелері бар, олар ерекше, басқаша беріле бермейтін хабарламаларды жеткізуге қызмет етеді» (Лотман, 2016г:39). Яғни, оқырман да, зерттеуші де жазушыдан сол «ерекше хабарламаларды» күтеді екен. Ал «ерекше хабарламаларды» қызметіне жұмсау үшін жазушы білімі-білігі, ұстанымы бірігіп келіп шығармашылық шабытын құрайды. Шабыттың өлшемі болмайтынын ескерсек, дәлелдеу мақсатында теорияда не бар деп іздестіреміз. Осы тұста энтропия анықтамасы осы мәселені жалғасты зерделеуге көмек болады: «Энтропия – бұл әртүрлі ғылымдарда, химиядан психологияға дейін қолданылатын тәртіпсіздік пен белгісіздік өлшемі». Ғалымдар аталған ғылымдарда бұл терминнің қолданысы бар дегенмен, оны тап басып көрсету қиынырақ екенін мойындайды.

Әдебиеттегі энтропияны түсіндіру үшін, біз психологиядағы түсініктемеге жүгінеміз. Себебі автор коды, оқырман коды энтропиясы кейіпкерді бейнелеу және оны қабылдау психологиясына тәуелді. Ал, психология ғылымындағы энтропия түсініктемесі көп қырлы деп берілген. Түп-төркінін Е. Давыдыва: «біздің саналық және

бейсаналық әрекеттерімізді қамтитын адами қабілеттеріміздің жиынтығы (психика) қоршаған бейберекетсіздікті қаншалықты жеңіп шыққанымен нақтылануынан, кез келген белгісіздік жағдайында өзін соншалықты ұстамдылығымен көрінетін болады», – деген дәлелдемемен бекітеді.

Энтропияның әдебиетте де әртүрлі түсіндірмелері мен қызметі бар. Бір жағынан, энтропияны өнер туындысының жойылу, бейберекеттік-ретсіздік (хаос), азып-тозу (деградация) немесе құлдырау тақырыбы немесе мотиві ретінде түсінуге болады. Екінші жағынан, энтропияны грамматиканың, синтаксистің, логиканың немесе композицияның дәстүрлі ережелерін бұзатын жазу стилі немесе әдісі ретінде қарастыруға болады. Әдебиеттегі энтропияның тағы бір аспектісі – оқырман үшін күрделілік немесе түсініксіздік тудыратын мәтіннің құрылымы немесе ұйымдастырылуы болады.

Әдебиеттердегі энтропия ұғымына қатысты барлық осы тәсілдердің ортақ физикалық мағынасы – жүйенің қолжетімді күйінің санына қатысты логарифмі. Дегенмен, көркем мәтіннің энтропиясын өлшеу үшін оның тек формалық қасиеттерін ғана емес, семантикалық және коммуникативті контекстін де ескеру қажет. Атап айтқанда, мәтінді құру және қабылдау жолдарын анықтайтын автор мен оқырман коды маңызды рөл атқарады.

Автор және оқырман коды дегеніміз не?

Автор коды бойынша біз автордың көркем мәтін жасау үшін қолданатын ережелері мен өрнек құралдарының жиынтығын түсінеміз. Автор коды синтетикалық немесе аналитикалық болуы мүмкін. Синтетикалық код әртүрлі таңбалық жүйелердің (табиғи тіл, музыкалық тіл, бейнелеу тілі және тағы басқа) бір бүтінге біріктірілуін қамтиды. Аналитикалық код тұтас бір белгіні бөлек элементтерге (сөздер, дыбыстар) ажыратады.

Автор кодының энтропиясы мәтінді құру кезінде код элементтерін таңдаудағы белгісіздік немесе кездейсоқтық өлшемі болып табылады. Автор кодының энтропиясы неғұрлым көп болса, соғұрлым мәтіннің өзгергіштігі мен түпнұсқалығы жоғары болады, бірақ оны түсіну және түсіндіру қиынырақ. Автор кодының энтропиясы неғұрлым төмен болса, соғұрлым мәтіннің өзгергіштігі мен түпнұсқалығы төмендейді, бірақ оны түсіну және түсіндіру оңайырақ.

Автор кодының энтропиясын бірнеше факторға байланысты танып білуге мүмкіндік бар, мысалы:

- мәтіннің жанры мен стилі. Әртүрлі жанрлар мен стильдер код элементтерін таңдау үшін түрлі шектеулер мен талаптарға бағынады. Мысалы, поэзия прозаға қарағанда жоғары автор коды энтропиясына ие, өйткені поэзия рифма, ырғақ, метафора және тағы басқа сияқты еркін және әдеттен тыс өрнек түрлерін пайдаланады. Прозада поэзияға қарағанда авторлық код энтропиясы төмен, өйткені проза грамматика, синтаксис, логика және т.б. сияқты өрнектің неғұрлым қатаң және қабылданған формаларын ұстанады.

- Авторлық даралық және шығармашылық процесс. Әр авторда мәтінді құрудың түрлі тәсілі мен әдістері қалыптасқан. Бірі дағдылы әдеби әдістен өзгеше, айрықша код элементін пайдаланып жаңалық енгізуге және эксперимент жасауға ұмтылады.

Келесі бір автор дағдылы және өзіне қалыптастырған стиль код элементтерін пайдалана отырып, дәстүрлі және консервативті болуға бейім. Тағы бір автор мәтінін алдын-ала жоспарлап, нақты алгоритмді ұстанады. Кейбір автор мәтінін импровизациялау арқылы жазады және жаңашылдық әкеледі.

- Мәтінді құру контексі. Мәтінді құрудың түрлі шарттары мен жағдайлары код элементтерін таңдауға да әсер етеді. Мысалы, мәтіннің жасалу уақыты, орны, мақсаты, аудиториясы, әлеуметтік және мәдени ортасы код элементтері үшін белгілі бір шектеулерді немесе артықшылықтарды анықтауы мүмкін.

Аталған теорияны жазушыдан тану мақсатында цифрлық технологияның мүмкіндігімен автор ретіндегі позициясына және Айгүл Кемелбаеваның шығармашылық лабораториясына, оның жаңа әңгімесі қалай жазылғанына зерттеу жасалды. Жазушының аталған шығарманы дүниеге әкелудегі автор коды жинақталған: «... қабылдау мерзімі аяқталуына он жеті күн қалғанда ғана «Тырнақ» атты әңгімемді жаза бастадым.

... Мендегі бұлжымас принцип біреу – жазылып қалған шығарма олжа. ... Көкейде сюжеті айқын жүрген әңгіме осылай туды. «Айбоздың» арқасында», – деген сұхбат жазбасы (Кемелбаева, 2022) жоғарыда берілген теориялық түйінді бекіткен дәлелдеме болды. Кемелбаеваның автор коды энтропиясы басым, сондықтан «Тырнақ» әңгімесінің көркем мәтіні теорияда көрсетілген «түпнұсқалығы жоғары» дәрежеде болған, қай факторға негіздесеңіз де сипатын табысыз дей аламыз. Ал, енді өзгеше және түпнұсқалығы жоғары туынды дүниеге келгенде «бірақ оны түсіну және түсіндіру қиынырақ» деген теорияны оны нақты зерделеуге мүмкіндік беретін оқырман коды энтропиясынан бақылап көрдік. Алдымен оқырман коды энтропиясы түсінігіне мән бере отырып, оның автор коды энтропиясы түсінігіне ұқсастығы мен айырмашылығы, оларды жымдастыратын факторларға назар салдық.

Оқырман кодының энтропиясы қалай жіктеледі?

Оқырман коды – оқырман әдеби мәтінді түсіну үшін қолданатын ережелер мен қабылдау құралдарының жиынтығы. Оқырман коды да автор коды секілді синтетикалық немесе аналитикалық бола алады. Синтетикалық код мәтінді жеке элементтерге талдамай, біртұтас белгі ретінде қабылдауды болжайды. Аналитикалық код мәтінді талдау мен түсіндіруге жататын жеке элементтердің жиынтығы ретінде қабылдауды болжайды.

Оқырман кодының энтропиясы мәтінді қабылдау кезінде код элементтерін таңдаудың белгісіздігі немесе кездейсоқтық өлшемі болып табылады. Оқырман кодының энтропиясы неғұрлым көп болса, мәтінді түсіну мен түсіндірудің нұсқалары мен мүмкіндіктері соғұрлым көп, бірақ оны түсіну және бағалау қиынырақ. Оқырман кодының энтропиясы неғұрлым төмен болса, соғұрлым мәтінді түсіну мен түсіндірудің нұсқалары мен мүмкіндіктері аз болады, бірақ оны түсіну және бағалау оңайырақ болады.

Оқырман кодының энтропиясы бірнеше факторларға байланысты, мысалы:

- мәтіннің жанры мен стилі. Әртүрлі жанр мен стильдің код элементтерін қабылдауға арналған мен талаптары түрліше. Мысалы, поэзияда прозаға қарағанда оқырман кодының энтропиясы жоғары, өйткені поэзия мәтіннің мәні мен сұлулығын

ашуға оқырманның белсенді және шығармашылық қатысуын талап етеді. Прозада поэзияға қарағанда оқырман кодының энтропиясы төмен, өйткені проза мәтіннің сюжеті мен кейіпкерлерін түсінуге оқырманның анағұрлым пассивті және ұтымды қатысуын қамтамасыз етеді.

- Оқырман тұлғасы және қабылдау процесі. Оқырмандар әралуан, әрқайсысы мәтінді қабылдаудың әртүрлі тәсілдері мен әдістеріне ие. Бір оқырман қалыпты емес және күтпеген код элементтерін пайдалану арқылы жаңалық іздейді. Кейбір оқырман дәстүрлі, қалыпты және таныс код элементтерін пайдалану арқылы тануға ұмтылады. Оқырманның бір түрі қабылдауды алдын-ала жоспармен, нақты алгоритмді ұстанып үйренген. Енді бір оқырман түрі білігіне, интелектісіне қарай мәтінді импровизациялау арқылы қабылдап, жазушының көңіл-күйіне ілеседі.

- Мәтінді қабылдау контексті. Код элементтерін таңдауға мәтінді қабылдаудың түрлі шарттары мен жағдайлары да әсер етеді. Мысалы, мәтінді қабылдаудың уақыты, орны, мақсаты, аудиториясы, әлеуметтік және мәдени ортасы код элементтеріне белгілі бір шектеулерді немесе артықшылықтарды анықтауы мүмкін.

Жоғарыда берілген зерттеу тұжырымдарын А. Кемелбаеваның «Тырнақ» әңгімесіне қатысты оқырман коды қабылдауын және оқырман коды энтропиясын жазушының Aigul Kemelbayeva Facebook парақшасынан алынған пікірлерден жинақтап байқап көрдік. Қараңыз, жинақталған пікірден «мәтінді қабылдаудың аудиториясы, әлеуметтік және мәдени ортасы код элементтері артықшылықтары анықталып» тұр, әдебиетке жақын, Айгүл Кемелбаеваның әрі жазушы, әрі әдебиеттанушы болғаны секілді оқырмандары да әдебиеттанушылар қатарынан немесе зиялы орта екені байқалады. Мысалы, Бауыржан Қарабеков: «Тырнақ» ерекше дүние екен. Онда бәрі бар, болашақ та, өткен ғасырлардан халық арасында қалған белгісіз де беймәлім дүниелер шынайы қамтылған», – баға берген.

Gaukhar Khalyk: «Бір деммен оқып шықтым. Шығарманың кіріспесі бақташының табиғатпен арпалысы, мистикаға толы аянышты өлімін көрсететін оқиға ма деп қаласың, дегенмен оның шарықтау шегі адам табиғаты, мистика, дін мен философия, суретші көзқарасы мен оның әлемді қабылдауы, тайпалық байланыстар арқылы жеткізілген. Айгүлге тән түсіндірме, детальдар көп. Соңы тұнған позитив! Ата жұртты тастамау, оны көркейту міндеті естіледі. Керемет шығарма!» – деп өз көзқарасын жазады.

Gulshat Bakytjan: «Заманауи қазақ әдебиетіндегі мен оқыған прозадағы үздігі. Идея үздік. Форма жағынан, бір ойдан келесі ойлар желісіне өтетін, байланыстыратын тұстары сәл төте (not smooth), одан өзге кемдік жоқ», – деп салыстыра бағамдайды.

Ғылымнұр Кәдірбай: «Керемет әңгіме. Түнде тырнақ алсақ жаман болады деп үйдегілер ұрсатын. Неге дейтінбіз. Сонда «жеті қат жердің тереңінде бір құбыжық адам баласына қас қылмақ үшін әр түні жер бетіне қарай шықпақ болады. Бір қабаты қалғанда ол қалжырап, таң атып кетеді. Егер сендер түнде тырнақ алып, қол жусандар жерге сіңген сол суды құбыжық ішіп, әл жинап алады да жер бетіне шығып ойран салады» – деуші еді...», – пікірімен өз танымын білдіреді.

Өркен Иманғали: «Әңгіменің артықшылығы жазушы оқырманға идеялық таңдау мүмкіндігін береді. Оқырман оқиға шешімін оқуға асығады. Өлімнің себебін Саян

анықтайды деген үміт, әңгіме соңында су сепкендей басылады. Осы тұста оқырман санасында көп сұрақ туындайды. Бұл оқырманның ойлаудағы үйреншікті білу мен түсіну емес, жинақтау, талдау, бағалау деңгейінде ақылына салмақ салады. Әңгімедегі «тырнақ» сөзі мифтік сана, діни сана, ғылыми сана сияқты сана деңгейлерімен интерпретацияланады. Сол арқылы оқырман өзіндік таным деңгейі арқылы өлімнің себебін қабылдайды», – деген талдауымен жазушы құрған көркем өрнектің жібін тарқатқандай әсер қалдырады.

Оңай Мырзағалиева: «Димаштың жаңа өлеңін күткендей, Айгүлдің де жаңа шығармасы қандай екен деп күтесің, құныға оқысың. Өйткені негізін болған оқиғадан алады. Тәрбиелік те мәні бар», – деп құндылық жайлы тәлім жазады.

Raushan Kurmangalieva: «Тамаша туынды. Жалпы шынымен рух, материя да адамның қолымен жасалатын іс. Бір сәтте ойдың ізі жай ғана жоғалып кетеді. Автор бұл ойдан қажыған немесе одан әрі ойлау қажетсіз деп тапқан тәрізді. Мұның орнына басқа дүниенің кейпін суреттеуге ден қояды. Тырнақтан бұрын қарғаның образы елең еткізеді. Тырнақ біресе жыртқыш құстың тегеуріні, біресе тылсым қара күш иесінің тырнағы, қазақы наным-сенімдер: үкі, бүркіттің тырнағы, қасқырдың тісіне ауысып кете береді. Табиғаттың бір бөлшегі ретінде ол жай ғана «тәкаппар» жыртқыштың тырнағы не тісі дейік, бірақ оны неше түрлі әшекейлермен безендіргенде, басқа мәнге ие болады. ... Саянның досы берген ақпараттық анықтамалар мен тұжырымдар басқа әлеммен сенім арасында «айқын» шекара болмағандықтан, ол бізді келешек қауіптерден сақтандырады. ... Әңгіме өте әсерлі. Қол жетпес қиялдың соңына түсу бір басқа да, қиялы мен тілегі өткінші, сұрықсыз дүниені әдемі әлемге айналдыру бір басқа. Ескі қорымды тазалап, бал омартасына айналдыру идеясы сәтті шыққан. Шығарманың оң бойындағы үрейді шайып әкетеді. Мықты! Автордың жан-жақтылығы мен батылдығына қызықтым», – деп «тырнақты кейіпкерді» толықтыра түсетін қосымша кейіпкерлерге назар аударған (Kemelbayeva, 2022).

Оқырман коды бойынша жазған қалпында баяндауды міндет тұттық, әр пікір өз иесін анықтап тұр. Мақалада келтіру себебіміз, «семиотикалық код пен ішкі ақпарат тасымалы» (Bawarshi Anis and Mary Jo Reiff, 2010: 29) негізінде жанрдың түрленуі болатынын және жоғарыдағы теорияны растап, дәлелдегенімен шектелдік.

Келесі пайым-талдама авторлық және оқырман кодының өзара әрекеттесуі жөнінде болғаны дұрыс.

Автор және оқырман коды статикалық және оқшауланған жүйе емес, олар бір-бірімен үнемі бірлескен әрекетте болады. Автор мен оқырман коды арасындағы өзара әрекеттестік: жалпы мәдени конвенциялардан жеке шығармашылық үдерістер деңгейінде жүреді.

Жалпы мәдени деңгейде автор және оқырман коды олардың арасындағы минималды сәйкестікті және түсінікті болуды қамтамасыз ететін ортақ таңба жүйесімен (тіл, әдебиет, мәдениет) анықталады. Мысалы, ұлт тіліндегі мәтінді толықтай түсінуі. Мұнда сол тілді жақсы меңгерген мәдени тұлға оқырман коды баяндалып отыр.

Әлем танитын психотерапевт Карл Густав Юнг энтропияны болашаққа деген сенімнің оң өзгерісімен байланыстырған, осы пікірді психолог Екатерина Давыдова

ойламаған тұстан жаңаша қабылдау болуы үшін, адам біршама белгісіздік деңгейінен өтуі қажет деп санаған. Сондықтан да «шығармашылықтың қолмен қойғандай реттілікке бағынбауы» деген өмірден алынған және дәлелденген пікір кең таралған. Нақты жазсақ: «Көбінесе әдеби шығармалар «ретсіздіктің (хаостың) жинақталуы» арқылы жасалады: жазушы материалы жинақталғанда, бастапқыда жазушының саналық және бейсаналық әрекетін қамтитын адами-шығармашылық қабілет жиынтығында (психикасында) өте ретсіз, тек үзік түрінде пайда болады. Оның «ішкі кітапханасы» жеткілікті түрде толыққан кезде, әртүрлі ақпарат бөліктерін сюжетке қосу үшін автор энтропияны азайта бастайды». Бұны қытай ойшылы Сунь-Цзы жазған еңбектегі «ішкі ретсіздіктің қабатында тамаша мүмкіндіктер жасырынған» деген байламымен бекіткен.

Практик психолог Екатерина Давыдованың зерттеуінде мынадай түйін берілген: «Себебі өзін-өзі ұйымдастыратын жүйелер (біздің психикамыз сияқты) қоршаған ортамен үнемі диалог жүргізеді және ішкі энтропияны басқарылатын деңгейде ұстап тұру үшін өзгеретін жағдайға бейімделуі керек. Басқарылмайтын энтропияның мысалы – басқарылмайтын масштабтан тыс мазасыздық немесе тоқтамайтын хаотикалық ойлар. Мұны жеңу үшін дененің психикалық күші мен ресурсы жұмсалады».

Е. Давыдова түсіндіргендей, күйзеліске төзімділік ұғымы да энтропиямен байланысты: адам өзіне зиян келтірместен неғұрлым белгісіздікке төтеп бере алса, соғұрлым ол күйзелістік жүктемені жақсы жеңе алады. Біздің психологиялық қорғанысымыз энтропияны азайту үшін жұмыс істейді: егер шындыққа шыдау қиын болса, біз оны мүмкіндігінше өзгертуге тырысамыз: рационализациялау («айналадағы хаостың мағынасы бар»), жоққа шығару («хаос жоқ»), диссоциация («мен хаостан тыспын»). Қазақ қоғамы бұны қазақ әдебиетінен таниды, өзіне керегін сұрыптап алады. Белгісіздікті белгіліге айналдырып тану үшін оқырман жазушы тәсіліне, стиліне, қандай сөзді қолданғанына және қандай мақсатта екенін түсініп кетуіне байланысты болады. Енді мүмкіндігімізше соған тоқталайық.

Біздің мақаламызда «Тырнақ» әңгімесінің «Табалдырық», «Жұмбақ», «Қарға», «Қорым», «Студент», «Қара дақ», «Омарта» атты әңгімелермен өзара үйлесімді толық әңгіме құрағанын, яғни қазақ әңгімесінде әлем әдебиетінде бар әдеби өрнектің орнықты тұрақтылығын сөз етеміз. Қазақ әдебиетіндегі оқиға сюжетінде әңгіме ішінде әдебиеттегі вампиризм стилінде жазатын жазушы шығармашылығы туралы басқа да әдеби талдауларға жол ашатыны сөзсіз.

1897 жылы бастау алған әдебиеттегі классикалық вампиризм Брэм Стокердің «Граф Дракула» готикалық романындағы фэнтези кейіпкер вампирдің 1976 жылы жазылған Энн Райстың «Вампирмен интервью» романына дейін шығармашылық түрленуі бұған дәлел. Жазушыны вампир, готика әдебиетінің әр түрлі жанрлары мен бағыттары қызықтырады, туындыларында вампирлерді өз мақсаттары, мотивтері, сезімдері мен проблемалары бар күрделі және көп қырлы тұлға ретінде көрсететін шығарма. Оқырман жұмбақ кейіпкерлердің қатысуымен қызықты және күтпеген сюжеттер мен қақтығыстар тудыратын туындыларды жақсы көреді. Вампир, жезтырнақ тағы басқа миф кейіпкерін оқығанды ұнатады, өйткені олар

қиял әлеміне еруге мүмкіндік береді, қиял әлемінде мүмкін емес нәрсе жоқ және ештеңеге тыйым салынбайды. Вампирлер – әдебиет пен мәдениеттегі ең қызықты және жан-жақты тақырыптардың бірі. Зерттеулер нәтижесінде әдеби кейіпкерлердің (батыс әдебиетінде вампирлер болса, қазақ әдебиетінде Жезтырнақ) тек мифтік жаратылыстар ғана емес, сонымен қатар адам тәжірибесінің әртүрлі аспектілері үшін метафора болатынына мән бересіз. Зерттеушілер еңбегіне сүйенсек, вампирлер өлімнен қорқудың, өмірге деген құштарлықтың, жеке тұлғаның өзін танып-білуге ұмтылуының, билік үшін күрестің, шекараны бұзудың, трансформацияның және әртүрлі әлеуметтік және мәдени мәселелерді бейнелейтін мәдениет немесе әдебиет айнасы бола алған. Бұны біз «Тырнақ» әңгімесінен де көре алдық. Батыс әдебиетінің вампир бейнесі секілді Айгүл Кемелбаеваның «тырнақты» жұмбақ кейіпкері арқылы таралған тартыста махаббат, қорқыныш, аяушылық және басқа да түрлі эмоцияны білдіру тәсілі ретінде қолданғаны қызықтырды.

Жазушы әңгімесінің «Табалдырық» бөлімін оқи бастағаннан қазақтың көркем сөзі тігісі білінбей тігілген кестедей түскені бірден байқалды. Кейіпкердің ауа райына қарама қарсы ішкі ойы табиғатты бағдарлап отырған бақташыдан гөрі көркем картина тамашалап отырған кісідей әсер қалдырды: «Кенет жасынның ирек-ирек алтын сызықтары сол жағынан қарауытқан қыстаудың сұлбасын жарқ еткізді. Жүрек шіркін бұлқынып кеудеге сыймай атқақтап кетті. Демде не қуанғанын, не қорыққанын айыра алмай ентікті. Дымқыл ауа дыбыс атаулыны сорып алғандай тым-тырыс. Аулақта үрген ит, тоғайда үрген түлкі естілмей қор етті». Кейіпкер бақташының ішкі монологынан долы табиғаттың да сұлулығы болады екен деген оқыс келген ойға келісесің.

Келесі деталь «Тырнақ ұшындай күш-қуаты қалмай әбден қалжырап бітті», мұндағы халық даналығына мән бересің. Оған қоса бақташының тырнағы да суыққа миында қалған «Алтайдың долы боранында» үсігенін жаңғыртқан, сол жағдаятын кіріктіре кеткен жазушы баяндауына ұласады.

«Шөп сарғая таң суып» деп берілетін күз мезгілінің сипаты кейіпкер кездесетін келесі қиыншылықтарды меңзейді.

Жоғалған малды іздеген бақташының ішкі ойы тоқтаусыз бірнәрсені еске түсіріп, екіншіні елестетіп дамылсыз өткен-кеткенді жіпке тізе бастайды: «Жолға шыққанда айнала топтанған қара қарғалар қарқылы құлақ түбін жарғандай өткір естілгені текке болмай шықты. Әншейінде елең етпейтін тоңмойын болатын. Қарғаны сәуегей құс атайды. Қырсыққа бастағаны ма»,– деп өрнектелгенде қарапайым сөз қатары бір нәрсені айқындар мәнді сөзге айналып келе жатқанын бағамдайсыз. Жалғыз адасқан жолаушы жалғыз емес секілді, ойы серік болып, үнемі миына тыныштық болмады. Әбден шаршаған жылқы мен адамды бейнелегенде еріксіз сенесің.

Жылқы құлынында жем жеген, аяқ басқан қыстауға жетеді. Жазушы «өрмекші патшалығына айналып» деп деталь береді, себебі бұл бұрынғы әке қыстауына ат ізін салмағанын, келмегенін көрсету арқылы кейінгі сюжетке бастама болады.

Жазушының «шор қара бұлттар саңылаусыз жапқан күмбез», «Аюдың шор тырнағы» деген көркем тәлімді автор коды жайында сөз еткіміз келді. Алдымен қазіргі

кезде белсенді қолданыста кездеспейтін және көркем әдебиетте де жиі көрмейтін «шор» сөзін түсініп алу үшін Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне жүгіндік: «Ағаштың шор болып (шодырайып) біткен үйілі; без» (Қалиев, 2014). Ары қарай «шор бұлт» көркем қолданысын қазіргі қазақ әдебиетінде поэмада қолданыста барын анықтадық, оны ақынның қоғамдағы тығырық, құндылықтардың кері кету мәселесін көркемдеу тәсілінде жинақтағанын білдік (Иранғайып, 2013: 253). Алайда Айгүл Кемелбаева осы «без», «тыртық», «қатып қалған түйін, беріш», «құрғақ дала мен шөлде кездесетін, беті ақ жылтыр ойпаң» ұғымына «Тырнақ» әңгімесінде жаңаша сипат берген секілді эсер қалдырды: «ішке көмілген бітеу сыр» және шор сөзінің сөздіктегі «ескі нанымда әр нәрсенің өз тәңірі болған» деген мағынасын толықтырады.

Бақташыны шалажансар күйінде ауылдың екі жігіті тауып алғанда есімі аталған Ерболат әңгіме бөлімдерін байланыстырушы кейіпкер ретінде алынған. Бақташының үш күн елсізде, үш күн аурухана мен үйдегі алты күнде арпалысып тілге келгендегі жалғыз ауыз сөзі «тырнақ» болды. «Ант мезгілінде» өлерін сезгенде, дүниеден кетерінде сөзінің бір баламасы десек, жазушы кейіпкерінің соңғы демін аларда «тырнақ» деп үлгіргенін ары қарайғы бөлімнің жұмбақталуына, жұмбақты шешуге оқиға құрылатынына байқатпай із салған.

«Жұмбақ» бөлімінде полиция сержанты Саян Жұматаев үш күн айғақ іздесе де ешнәрсе таппай, қауесетке сенбей «Қазақ үрей бұған кісіні жаны тырнағының ұшына келіпті» дегенді тағы ескеріп, соңғы сөздің астарын осы өңірдегі ауызекі әңгімелермен түсінуге тырысып, әңгіме тыңдап, істі саралай бастайды. Полиция қызметінде нақты дерек маңызды: шөлі қанбай иесінің артынан кеткен есті мал жылқының қыстауға жетуі түсінікті болса, бақташының денесіне түскен сояу іздер болғанымен киімінде із жоқ болғаны сержанттың жұмысын қиындатты.

Жазушы оқырманына: «Үзеңгіде құмайдың тырнағы бедерленген. Ұстаның дәстүрлі қолтаңбасы болатын» деп жұмбақтың шешіміне жақындататын бір белгі қалдырады. Жоғарыда келтірген оқырман коды энтропиясында бұны қарастырдық. Әдебиеттанушы Леонид Кременцев ақын П. Вязамскийдің «оқитындар мен оқырмандар» деген пікірін дамытып, теориялық тұрғыда сипаттайды: «оқитындар шығармадан түйгенін, ақпаратты қабылдағанын есте сақтап, ұғынғанын қажетінде қайта қозғайды. Ал оқырмандар жазушының бірлескен авторы, шығармашылықты жазушыдан алып фантазия, көкірек сезімімен ары қарай санасында өз қиял әлемін іске қосады» (Кременцев, 2003:5).

«Қарға» бөліміндегі оқиға бақташының есімі Бозтай екені, оның жиені қыстаудан тауып алған Ерболаттың сержантқа әңгімесінен өрілген. Осы тұста тақырыпқа сәйкес зерттеу барысында ағылшын әдебиетіндегі персонаж портретінің қорқыныш жеңген ішкі ойы мен оның сыртқы динамикасы арқылы туынды сюжетін одан әрі қызықты ете түскен шеберлік туралы мына пікір назар аударты: «Бұл оның сезімді суреттеу қабілетінің жылдамдығы мен ұшқырлығы, оған қоса қорқынышты дәл сипаттау, бейнелі ету қабілеті, оның осы ойларын ырғақты жеткізудегі ерекше қабілеті ұштасқанда Мельмотты еліктірілген Елес кезбелер кітабының естелігіне айналдыратын Матуриннің шешендік кезеңдері болатын» (Birkhead, 2012: 93). Жазушы Айгүл Кемелбаеваның да кейіпкер Ерболаты дәл Мельмотпен образ

тұрғысынан салыстыруға келмесе де, оның нағашысына қатысты қорқынышқа толы естеліктерімен сезімге беріле сипаттаған әңгіме сюжеті құрылмаса «Тырнақ» әңгімесі оқырманын қызықтырып, «уысында ұстамас еді». Әр халықтың өзі сенетін қорқынышы болады, сонысымен де дәстүрін сақтайды. Басқа елдің әдебиетін оқи отырып, сол күйінде шығармашылығында бейнелегеннен гөрі қазақ халқына жақын «тырнақты» кейіпкерін және оған қатысты кейіпкерлер галериясын қорқыныш оқиғасынан өрістетіп дүниеге әкелгені Қазақ әдебиеті үшін де әлем әдебиеті үшін де бағалы болды.

Халық санасындағы қорқынышты бейнелеуде жазушының қыстауға берген қысқа қайырымы да біршама көмектескен: «мүттәйім жер». Жазушы нанымды етіп баяндап, оқырманына ел сиыршы атап кеткен бақташының үшінші мүшелінде трагедиямен өлуіне себеп болған қыстауына сол мүттәйім жерді құлын кезінде қоныстанған жиреннің боранда басы босатылған кейін тауып келгенін болжатады. Кейіпкердің келмейтін жерге қалай келгенін солай топшылайды.

Жазушының: «Күздиып бұтақта отырса қарғампаз қара кемпірден аумайды. Тырна, қаз-үйрек сияқты жыл құсы болса ұзақ ұшудан қанат-құйрығы таралып, кеселден, қара пиғылдан тазарып келер еді» деп қарға сипаты оқырманына тазару мақсатың болса, жолың міне дейтіндей шешім берген. Әңгімедегі молда айтқан Қабыл-Абыл, Алланың жіберген жол көрсетушісі, қарғаның екінші қарғаны жерге көмуі мүрдені жерлеу екені ойландырып қояды. «Абылға дейін жерде өлім болмаған» тәмсілі ерекше. Қараңыз: «...қазіргі әдебиеттің нұсқаларындағы миф, ертегінің адресаты әдеттегі оқырмандар. Ендеше оқырманы ертегінің төркініне қандай да болмасын байланысы болса да, оның архаикалық түпнұсқасын емес, өзіндік эстетикалық феномен ретінде қабылдайды – себебі мұнда заманауи, оның үстіне авторлық шығармашылық таңбаланады» (Ковтун, 2008а: 143). Бұдан түйін алсақ, жазушы Кемелбаеваның шығармашылық ойлану, ойлап табу автор коды таңбасында қорқыныш өрнегінің ерекшелігі «тырнақты», «қарға», аузына шөп алмай иесінің артынан бірге өлген жылқы кейіпкерімен сомдалуы зерттеле түсуі керек. Сол сияқты зерттеуші: «Баяндаудың әртүрлі ерекше түрлері бейнеленуі мүмкін персонаждар мен кейіпкерлерді қайта елестету арқылы «табиғаттан тыс» рационалды-фантастикалық, гипотеза, философиялық аллегория және тағы басқа рухта еркін алмастыра алады. Демек, баяндаудың жекелеген түрлерінің ерекшелігі жеке қабылдау деңгейінде немесе тіпті бейнелеу құралдарының жиынтығында ерекше, бірақ тек мазмұнды және ресми аспектілердің бірлігін есепке алған шығармаларды анықтауға болады», – деп баяндаған (Ковтун, 2008б: 14). Осыдан келе, осы пайым негізінде жазушы Айгүл Кемелбаеваның автор кодындағы «тырнақты кейіпкері» неге ашық түрде Жезтырнақ атанбағанын түсінгендейміз. Жазушы қайта елестету арқылы таныс та бейтаныс кейіпкер ұсынды.

Жазушы: «Қимай алып жүрді, өлексе шіріп иістенді» деген молда айтқан аңыз бен сиыршы әулетінің қарғысқа ұшырағанын қыстаумен байланыстыратын елдің әңгімесін картина секілді қабылдатып «Қорым» бөліміндегі ескі үйдің бүгінгі көрінісі мен осы үйден шыққан өлім туралы баяндаулары, трагедия себебін орталық деталь ретінде бере алған.

«Студент» бөлімінде Ерболаттың алты ай өтсе де нағашы бауырының соңғы сөзі көп ойлантып, тіпті оған әйелі уайымдап, Лондонда жүрген студент баласына хабарласуы күнделікті жайт, қолданыстағы қарым-қатынас тілі секілді көрінгенмен, нақты қарасақ ол бүгінгі заман тынысы, тіпті смартфон арқылы ауылдағы адамдар мен алыстағы Лондоннан хабар алмасуы таңсық емес болғандығы, оқиғаның тарихы кезеңін де дәл басуға көмектесетін көркемдік деп тануға болады. Әке мен бала арасындағы тырнақ жайындағы мәліметтердің ақпарат қоры, Ерболаттың көрген-білгенін еске алып, тырнақ жайында естігендері шынайы жазылған, әрі көркем суреттелген шындық десек болады. Бұны әңгіме ішіндегі келесі әңгіме «Қара дақ» бөлімі жалғастырады.

«Қара дақ» сержант Саянның ескі үйде түсірген суреттерді шығарып, суреттен байқаған ерекше бейнені фотограф досымен бөлісуі, екеуара философиялық әңгіме өрбуі оқырманына қызықты, осы бөлімнен бастап жазушының әңгіме өзегі қандай қорқынышқа толы трагедия болса да ретін тауып жүйелеп келіп жарқын бейнелі қазақ бейнесін көргісі келетін ұстанымы көріне бастайды. Нүктесін Саянның полиция қызметінен кетуіне әкеледі. Саянның болжамынша бақташының соңғы сөзін «Тырнақ дегенін жазмыш дегені ме екен» деп жақсы нәрсені сіңіруге тырысуы, соңы «Омарта» бөліміне ұласып ескі қыстаудың жаңа өмірі, Саянның бақташыға аталас туыс болып шығуы, Ерболаттың бұған қуануына жазушы тер төгеді. Бір қарағанда кәдімгі өмірдің болатын жағдаяттары. Тереңірек қарасаңыз, жазушы оқырманына шешім шығару үшін мүмкіндік ашқан көркемдік кестесі төгілген.

Әдебиет зерттеушісі Кременцевтің талдауында А. Толстойдың әдебиеттің мақсаты шығармашылық процеске екі жақ – жазушы да, оқырман да қатысқан жағдайда ғана жүзеге асатыны деп тұжырымдалған: «... сөзді, сөз тіркесін оқырман шешуі керек, қайта рухани қуатқа айналуы керек, әйтпесе олар баяғыда өлген халықтардың мәңгілік жабық жазбалары сияқты ақ қағаздағы қара белгілер болып мәңгі қалады» немесе «Мен жазған кезде,– деп қуәландырды А. Чехов,– мен оқырманға толық сенемін, оның өзі әңгімеде жетіспейтін субъективті элементтерді қосады деп сенемін». Бұл Ф. Достоевскийдің шығармашылығында да кездеседі: «Жындар» романы кейіпкерлерінің тағдырына ой жүгірте отырып, жазушы ондай кейіпкерлерді «түсіндірмеңіз» деген шешімге келеді (Кременцев, 2003: 6).

Адамның санасы сөз арқылы қалыптасады. Жазушы шығармасында қолданған сөз жанданып, әр оқырманның жүрегінен орын алады. Қорқыныш адамның дұрыс саралауына мүмкіндік бермейді, бұны әке қыстауына келген кейіпкер әрекетінен байқаймыз. Кейде керісінше «Кім шүкір етсе, шын мәнінде шүкірі өзі үшін» (Нәмл сүресі 40-аят) деген сол қорқыныш жетегінде өзін танып, өмірін өзгерткен кейіпкерлерді (Ерболат, Саян) көреміз. Қазақ шүкірді тілмен емес, амалымен түйіндейді, ендеше Саян арқылы жазушы ескі қыстаудың елесі туралы жұрт санасында қалған қорқынышын сейілітіп жаңаша талпынысты, қуанышты күндердің үмітін сыйлаған. Жазушының автор коды энтропиясы қуатты болғандықтан оқырманына жақсылықтан жаны жай табуды үйретеді. Көркем әдебиеттің сөз сиқыры жай сөз болып қалмай көркемделуі үшін жүйеленуі тиіс. Ол қандай жүйе? Бірлескен авторлықпен жүргізген зерттеу жұмысында бұл: «Көркем шығарма болу қасиеті

сөзді жүйелі-арнайы қолдану арқылы алынған: ол «автор – шығарма – оқырман» жүйесінен тыс алынған мәтінде болмайды»,– деп тұжырымдалған (Зинченко, 2002: 14). Ендеше автор және оқырман коды энтропиясы дегеніміз де осы Кемелбаева – «Тырнақ» әңгімесі – оқырманы ұштағандық біртұтастықты бекітеді.

4. Зерттеу нәтижесі

Бұл мақаланың бір мақсаты – қазіргі әдебиеттегі вампирлерді бейнелеуге байланысты негізгі тенденциялар мен мәселелерді салыстырмалы негіздеп (Смит, 2011), қазақ әңгімесінде әдебиеттегі вампиризм элементін қолданған жазушы әдісін талдау болатын. Ол үшін біз әдебиеттегі вампир тақырыбының әртүрлі аспектілерін көрсететін авторлар мен жанр туралы зерттеу пікірлердің түйінін қарастырдық (Ауэрбах, 2012). Сондай-ақ қазіргі әлемдік әдеби дискурста вампир кейіпкердің танымал болуының себептері мен салдарын анықтау жұмысын орындап, сол арқылы салыстырмалы әдіс мүмкіндігімен Қазақ әдебиетіндегі Жезтырнақ әдеби кейіпкерінің әдебиеттегі маңызы әлем әдебиетіндегі кейіпкер вампирден кем түспейтіні пайымдалды. Талдау нысанымыздағы әңгімеде атақонысын, кіші отанын қадір тұтқан бақытты кейіпкерге жету үшін, оқырман жүрегі жақсылыққа үміттендіретін жұмбақ бір кейіпкер бар. Немесе «тырнақты» кейіпкерден бастап әр тығырықта өзін тануға ұмтылған кейіпкерлерді саралай бастайсыз. Жұмбақ кейіпкер бейнеленбесе, сол тартыс, не сюжет әңгімеге енбесе, қалған бөлігі ешбір тартымсыз қалыпты әңгімелеу болып қалатын еді. Бірінен бірі қызықты әңгімеге айналған басқа кейіпкер әрекеттері осы «тырнақты» беймәлім кейіпкерсіз болмас еді. Бұны танығанымызда, нәтижесінде Айгүл Кемелбаеваның «Тырнақ» әңгімесіндегі автор және оқырман коды энтропиясы жинақталды. Хаос (ретсіздік, бейберекеттік, жүйесіздік тағы басқа түсінік) ғылымда күрделі реттілік деп тұжырымдалады. Бұл жазушы әңгімесінде автор және оқырман коды энтропиясын талқылау барысында дәлелденді.

5. Қорытынды

Мақалада көркем мәтіндегі автор және оқырман коды энтропиясы ұғымы қарастырылды. Мәтіннің жанры мен стилі, автор мен оқырман даралығы, мәтінді жасау мен қабылдау контексті сияқты код энтропиясының құндылығына әсер ететін фактор анықталды. Автор мен оқырман коды статикалық және оқшауланған жүйе емес, олар бір-бірімен әртүрлі деңгейде: жалпы мәдени конвенциялардан жеке шығармашылық үрдіске дейін тұрақты өзара әрекетте болатыны көрсетілді.

Автор және оқырман коды энтропиясы көркем мәтінді талдау мен бағалаудың маңызды параметрі болып табылатынын көрсетеді. Кодтың энтропиясы мәтіннің түпнұсқалығы мен күрделілік дәрежесін, сондай-ақ мәтіннің оқырман үшін түсініктілігі мен қызығушылығын анықтайды. Кодтың энтропиясы мәтін жасалатын және қабылданатын мәдени және шығармашылық мәнмәтіннің ерекшеліктерін де көрсетеді.

Жоғарыда айтылғандарды түйіндей келе, қазақ әдебиетіндегі жаңа тынысты әдебиеттің қалыптасуы, дамуы, жетілуі туралы зерттеу еңбектердің жүйесінде өзіндік бастамалық орын алатынын атап өту қажет. Біз бұны Айгүл Кемелбаеваның бір әңгімесі негізінде қарастырып көрдік. Зерттеу соңында, қазақ әдебиетіне қазақ жазушысының өз құндылықтары оның шығармасына тікілей ықпал ететінін, содан келіп автордың әдеби

стилі орнығатынын білдік. Жазушының шығармадан тыс өз шығармашылығы туралы түйінінен және шығарма мазмұнында берілген көркем ойынан қорытындылаймыз. Автор коды және оқырман коды деп теориялық тұрғыдан қарастыратын пайымның қарапайым қағидасы осы.

Жазушының жаңа шығармасындағы мәдениет құндылығын ғалымдар дер кезінде жаза білген қоғамдық жағдаятты және сол дүниені көрсете білген көркем тіл қолданысы деп бағалайды. Айгүл Кемелбаеваның шығармашылығында үзбей қадағаласаңыз оқыр-манына үміт сыйлайтын, көркем шешімі жақсылықты дәріптейтін, Қазақ ұлтының әр кезеңдегі ұрпағы үшін өзін танудың пайдалы жағы көбірек әңгіме тартысы құрылған. Автор кодының бір дәлелі, ағылшын әдебиетінде табысы мол, өзіне сенімді кейіпкерлер галериясы үнемі кітаппен дос, білімге құштар болып бейнеленеді. Нәтижесінде оқырман коды шынайы өмірде де осы кейіпкер әрекетін қайталайды. Жетістікке жеткен адамдары білім беретін оқу ордаларына, шәкірттерге қолдау көрсетеді. Қоғамдық көлікте, саябақтарда жастар кітап оқуды өмір салтына айналдырған. Себебіне үңілсек, автордан оқырманға жұғысқан кірігу десек те болады. Айгүл Кемелбаеваның да «Тіленші, заржақ прозасымақты ұнатпаймын» деп сұхбат беруінің мәні осында жатыр. Қазақ даналығында бұны «не ексең соны орасың» деп бағалап, тұжырымдап қойған. Сондықтан жазушы позициясын Қазақ халқының заманауи жалғасты көркем даналығы деп пайымдаймыз.

XXI ғасыр Қазағының өмір сүру қалпын әдеби кеңістікте, әдеби уақытта өзін бірден тануына ықпал еткен, ұмытылып бара жатқан қазақ тілінің көркем сипатты тілдік қолданысын жаңғыртып отыратын жазушы екендігімен бағалы.

Мақала тақырыбын зерделеу барысында, орыс әдебиеттануында 2022 жылы қорғалған Дарья Куликованың «А. В Иванов шығармашылығындағы қорқыныш поэтикасы» диссертациясында жалпы хоррор стилі әлем әдебиетінде классик жазушылар шығармашылығында қорқыныш философиясы элементтері вампиризм тұрғысында қарастырғанын, әдебиеттегі фантастика және табиғи әлемнен тыс мәселесін В. И. Бернацкая, А. М. Зверев, Н. А. Ладыгин, В. Attebury, В. Bayer, А. Nappier, L. St. Armand, J. Howard секілді зерттеушілер қарастырғанын 2001 жылы қорғалған Татьяна Ковалкованың «1920-30 жылдардағы америкн прозасындағы готикалық дәстүр: Х. Ф. Лафкрафтың новеллстикасы» диссертациясында зерттелгенін жинақтадық.

Қазақ әдебиетінде арнайы мақсатта жазылған әдебиеттегі вампиризмді (А. Иванов шығармашылығы секілді) таба алмайсыз. Бірақ мүлде жоқ деп те айтпаймыз. Қорқыныш (хоррор) поэтикасы қазақ әдебиетінде салыстырмалы, ұлттық әдебиет контексіне біртіндеп енген, оны автор коды энтропиясы байқата алды, сондықтан вампиризмнің байқалу элементі деп бағалаймыз. Біз жазушы Айгүл Кемелбаеваның батыс үлгісін де, ұлттық әдебиеттің де нәрін сығымдап жазатын өзіндік ерекше стилін жаңа әңгімесінде тағы бір стиль түрінде қолданғанын байқадық. Жезтырнақ, тырнақты жұмбақ кейіпкерін қорқыныш стилінде шеңбер өзегі етіп құрған әңгіме көркемдігіне автор және оқырман коды энтропиясы бағытынан талдап, ой-пайымымызды жеткіздік.

Әдебиеттер:

1. Anis Bawarshi and Mary Jo Reiff. "Genre: An Introduction to History, Theory, Research, and Pedagogy". *Discourse & Society* 24, 6. (2013): pp. 833-835. <https://doi.org/10.1177/0957926513490318c>
2. Айбоз: ұлттық әдеби сыйлығы: жинақ. – Алматы: ЖК Жаксылыков А.А., 2022. – 480 б.
3. Ауэрбах Н. Наш друг вампир: романтический миф в западной культуре / Пер. с англ. Е.А. Шевченко. – Москва: РИПОЛ классик, 2012. – 336 с.
4. Бижомарт Қ. Қазақ ертегілерінің басты кейіпкерлері. [Электронды ресурс]. URL: <https://adebiportal.kz/kz/characters/view/159> (қаралған күні 15.10.2018).
5. Birkhead E. *The tale of terror: a study of the gothic romance*. The Floating Press. – 302 p.
6. Зинченко В., Зусман В., Кириозе З. Методы изучения литературы. Системный подход: учебное пособие. – Москва: Флинта: Наука, 2002. – 200 с.
7. Кемелбаева А. «Айбоз» мен үшін әділ өтті. [Электронды ресурс]. URL: <http://madeniportal.kz/article/7419> (қаралған күні 09.12.2022).
8. Кемелбаева А. Тіленші, заржақ прозасымақты ұнатпаймын. [Электронды ресурс]. URL: <https://qazaqadebiety.kz/21158/tilenshi-zarzha-prozasyuma-ty-natrapajmyn> (қаралған күні 19.07.2019).
9. Кемелбаева А. Тырнақ. [Электронды ресурс]. URL: <http://madeniportal.kz/article/7422?fbclid=IwAR1wtjxiYmVL12qaS6vdcBVMV0Pu5gcNpAn304P9jKsGbjXwbJodpDCrdWo> (қаралған күні 10.12.2022).
10. Kemeibaeva Aigul Facebook парақшасы. Мәдениет порталынан «Тырнақ» әңгімесін оқуларыңызға болады. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100009586007135> (қаралған күні 12.12.2022).
11. Ковалкова Т. Готическая традиция в американской прозе 1920-30-х годов: новеллистика Х.Ф. Лавкрафта. Дисс. канд. филол. наук: 10.01.03. – Саранск, 2001. – 206 с.
12. Ковтун Е. Художественный вымысел в литературе XX века. Учебное пособие. – Москва: Высшая школа, 2008. – 405 с.
13. Кременцов Л. Теория литературы: Чтение как творчество. Учебное пособие для студентов и преподавателей-филологов, учителей-словесников. – Москва: Флинта, 2003. – 168 с.
14. Куликова Д.А. Поэтика ужасного в произведениях А.В. Иванова. Дисс. канд. филол. наук: 10.01.01. – Москва, 2022. – 175 с.
15. Қазақтың 100 поэмасы / құраст.: Ж. Аймұхамбет, А. Әлімұлы; алғысөзі мен түсініктерін жазған Ж. Аймұхамбет. – Алматы: Жазушы, 2013. 5-том. – 376 б.
16. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.
17. Лотман Ю. Структура художественного текста. Анализ поэтического текста. – Москва: Азбука, 2016. – 704 с.
18. Смит М.Г. Вампиры в литературе XX века / Пер. с англ. Е.А. Шевченко. – Москва: РИПОЛ классик, 2011. – 352 с.
19. Ысқақ Б. Қазақ әңгімесі: дәстүр және жаңашылдық (XX ғасырдың екінші жартысы). Монография. – Павлодар: Кереку, 2011. – 186 б.
20. Ысқақ Б. Қазақ әңгімесіндегі тарихи поэтика. Торайғыров университетінің Хабаршысы. (4) 2023. – Б. 392-404. <https://doi.org/10.48081/JAQO4112>

References:

1. Anis Bawarshi and Mary Jo Reiff. (2013) "Genre: An Introduction to History, Theory, Research, and Pedagogy". *Discourse & Society* 24, 6.: pp. 833-835. <https://doi.org/10.1177/0957926513490318c> (in Eng.)
2. Aiboz (2022): National Literary Award: collection. – Almaty: JK Jaksylykov A.A. – 480 p. (in Kaz.)
3. Auerbax N. (2012) Our vampire friend: romantic myth in western culture/ translated from English. E.A. Shevchenko. – Moscow: RIPOЛ classic. – 336 p. (in Russ.)
4. Bijomart Q. (2018) The main characters of Kazakh fairy tales. URL: <https://adebiportal.kz/kz/characters/view/159> (in Kaz.)
5. Birkhead E. (2012) *The tale of terror: a study of the gothic romance*. The Floating Press. – 302 p. (in Eng.)

6. Kaliev B. (2014) Explanatory dictionary of the Kazakh language. – Almaty: Institute for the Development of the State Language. – 728 p. (in Kaz.)
7. Kazakh 100 poems (2013) developer: J. Aimuxambet, A. Alimuly; he wrote the preface and comments J. Aimuxambet. – Almaty: Jazushy, Vol 5. – 376 p. (in Kaz.)
8. Kemelbaeva A. (2022) «Aiboz» was fair for me. URL: <http://madeniportal.kz/article/7419> (in Kaz.)
9. Kemelbaeva A. (2019) I don't like whiny prose. URL: <https://qazaqadabiet.kz/21158/tilenshi-zarzha-prozasyrna-ty-natpajmyn> (in Kaz.)
10. Kemelbaeva A. (2022) The Claw. URL: <http://madeniportal.kz/article/7422?fbclid=IwAR1wtjxiYmVL12qaS6vdcBVMV0Pu5gcNpAn304P9jKsGbjXwbJodpDCrdWo> (in Kaz.)
11. Kemelbayeva (2022) Aigul Facebook page. You can read the story «The Claw» on the portal of culture. URL: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100009586007135> (in Kaz.)
12. Kovalkova T. (2001) The Gothic Tradition in American Prose of the 1920s and 30s: H. F. Lovecraft's Short Stories. Thesis of Candidate of Philological Sciences: 10.01.03. – Saran. – 206 p. (in Russ.)
13. Kovtun E. (2013) Fiction in the literature of the XX century. Study guide. – Moscow: Higher education, 2008. – 405 p. (in Russ.)
14. Kremensov L. (2003) Literary Theory: Reading as Creativity. A textbook for students and teachers of philology, teachers of literature. – Moscow: Flinta. – 168 p. (in Russ.)
15. Kulikova D. (2022) The poetics of the terrible in the works of A.V. Ivanov. Thesis of Candidate of Philological Sciences: 10.01.01. – Moscow. – 175 p. (in Russ.)
16. Lotman Ю. (2016) The structure of a literary text. Analysis of the poetic text. – Moscow: Azbuka. – 704 p. (in Russ.)
17. Smit M. G. (2011) Vampires in the literature of the XX century / translated from English. E.A. Shevchenko. – Moscow: RIPOL classic. – 352 p. (in Russ.)
18. Yskak B. (2011) Kazakh story: traditions and innovation (the second half of the XX century). Monograph. – Pavlodar: Kereku. –186 p. (in Kaz.)
19. Yskak B. (2023) Historical poetics in the Kazakh story. Bulletin of Toraighyrov University. (4). pp. 392-404. <https://doi.org/10.48081/JAQO4112> (in Kaz.)
20. Zinchenko V., Zusman V., Kirnoze Z. (2002) Methods of studying literature. A systematic approach: a textbook. – Moscow: Flinta: Nauka. – 200 p. (in Russ.)